

Пайданың ішкі нормасын есептеудің тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бұйрық 1998 жылғы 28 тамыздағы N 411. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 15 қазандағы N 620 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 29 қарашадағы N 421 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойыды деп танылсын.

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі**

10. "Пайданың ішкі нормасын есептеудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1998 жылғы 28 тамыздағы N 411 бұйрығы (N 620 Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізлімінде тіркелген).

..

Төрага

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қыркүйектегі N 1330 P971330_ "Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жөніндегі шарттарды жасасқан кезде роялтидің ставкасын белгілеу Тәртібін, Үстеме пайдаға салынатын салықты есептеу үшін пайданың ішкі нормасын айқындаудың Тәртібін және Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жөніндегі шарттарды жасасқан кезде коммерциялық байқау бонусы мен өндіру бонусының мөлшерлерін есептеудің Тәртібін бекіту туралы" қаулысын орындау үшін:

Үстеме пайдаға салынатын салықты есептеу үшін жер қойнауын пайдаланушының жылдық қолма-қол ақшалар ағысының инфляциясы индексіне үйлестірілген негіздегі пайданың ішкі нормасын есептеудің ұсынылып отырған тәртібі бекітілсін.

2. Қаржы министрлігінің 1997 жылғы 7 қазандағы N 333 бұйрығы күшін жойған деп танылсын.

Қосымшасы З парақ.

M и n i с t r d i n

міндетін атқарушы

**Үстеме пайдаға салынатын салықтарды есептеу үшін
жер қойнауын пайдаланушының жылдық қолма-қол ақша
ағысының инфляция индексіне үйлестіру негізінде
пайданың ішкі нормасын есептеудің тәртібі**

1. Пайданың ішкі нормасы жер қойнауын пайдаланушының жылдық қолма-қол ақша ағысын инфляция индексіне үйлестіру негізінде мынадай формуламен есептеледі:

$$\frac{ПИН}{1} = r + \frac{TКК_{(r)}}{TKK_{(r)}} - \frac{TKK_{(r)}}{TKK_{(r)}} \times \frac{(r - r)}{2},$$

$$1 \qquad \qquad \qquad 1 \qquad \qquad \qquad 2 \qquad \qquad \qquad 1$$

$$2 \qquad \qquad \qquad 2$$

мұнда ПИН - пайданың ішкі нормасы;

ТКК - таза келтірілген (ағымдағы) құн;

r - дисконтируе ставкасы (проценттік ставка), мұнда

$TKK_{(r)}$ ең 1 аз оң көрсеткішке ($TKK(r)$) тең;

$r_{(1)}$ - дисконтируе ставкасы (проценттік ставка), мұнда
 $TKK_{(r)}$ ең 2 аз теріс көрсеткішке ($TKK(r)$) тең;

2. Таза келтірілген құн (TKK) мынадай формуламен айқындалады:

$$TKK_{(@r)} = \frac{YKAA_1}{(1+r)} + \frac{YKAA_2}{(1+r)} + \dots + \frac{YKAA_n}{(1+r)}$$

мұнда $TKK_{(@r)}$ - таза келтірілген (ағымдағы) құн;

$YKAA$ - үйлестірілген қолма-қол ақша ағысы;

$TKK_{(@r)}$ - дисконтируе ставкасы, мұнда $TKK_{(r)}$ ең аз оң ($TKK(r)$)

және ең аз теріс ($TKK(r)$) көрсеткіштеріне тең;

r - дисконтируе ставкасы (проценттік ставка)

$1,2,\dots,n$ - уақыт кезеңі (жыл).

3. Жер қойнауын пайдаланушының жылдық ақша ағысы жер қойнауын пайдаланушы алған жиынтық жылдық жалпы табысы мен жер қойнауын пайдалану жөніндегі шарттың әрекет етуі шеңберінде алынған және өндірілген шығыстар арасындағы айырмашылық ретінде анықталады.

4. Жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану жөніндегі шарттың шеңберіне әрекет етуден алған жиынтық жылдық табысының сомасы Қазақстан Республикасының Салық заңдарына сәйкес анықталады.

5. Есепті жылы шарттың әрекет етуі шеңберінде жер қойнауын пайдаланушы жұмсаған шығыстарға іс жүзіндегі шығыстардың мынадай түрлері жатады:

1) күрделі шығыстар - жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыру барысында жинақталатын және салық заңдарына сәйкес пайдаланылатын шығыстар (ашылған кен орындары бар аумақтар жөнінде жасалатын шарттар бойынша бірінші жылғы күрделі шығыстарға шарт жасалған сэтте болған, негізі қорлардың қалдық құны жатқызылады);

2) күрделі шығындар мен заем қаражаттары жөніндегі сыйақылар (мұдделер) бойынша пайдаланудың есептелінген сомаларын қоспағанда, салық заңдарына сәйкес шегерімдерге қатысты шығыстар;

3) салық заңдарына сәйкес есептелетін, жер қойнауын пайдаланушының табыс салығының және есепті жыл үшін есептелген дивиденттерге салынатын салықтың сомасы, сондай-ақ жыл бойы есептелген үстеме пайдаға салынатын салықтың сомасы.

6. Осы Тәртіптің 3-5 тармақтарына сәйкес есептелген жер қойнауын пайдаланушының жылдық қолма-қол ақша ағысының сомасы, үстеме пайдаға салынатын салықты есептемелеген кезде пайданың ішкі нормасын есептеу мақсатында, инфляция индексіне үйлестіріледі.

7. Жылдық ақша ағысын инфляцияның индексіне үйлестіру жер қойнауын пайдалану жөніндегі шарт күшіне енгеннен кейінгі екінші жылдан бастап мынадай формуламен жүргізіледі:

$$YAA = \frac{JAA(n)}{(1+II_2) \times (1+II_3) \times (1+II_n)}$$

мұнда:

ЖАА - осы ереженің 3-5 тармақтарына есепті жыл, сәйкес есептелген, жер қойнауын пайдаланушының ақша ағысы;

YAA - инфляция индексіне үйлестірілген ақша ағысы;

ИИ - Қазақстан Республикасының Экономика, индустрия және сауда министрлігі тиісті жылға бекіткен инфляция индексі;

1,2,...n - уақыт кезеңі (жыл).

© 2012. РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан»
Министерства юстиции Республики Казахстан